

**Шаруашылық жүргізуші субъектілердің - табиғи монополистердің өнімдеріне бағалар мен тарифтердің жобаларын тапсырудың, қараудың және бекітудің тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қаулы Қазақстан Республикасы Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті 1996 жылғы 7 маусымдағы N 219 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1996 жылғы 11 қарашада тіркелді. Тіркеу N 219. Күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеттің 1998.08.19. N 03-4 ОД ~V980644 бұйрығымен.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің - табиғи монополистердің өнімдеріне бағалар мен тарифтердің жобаларын тапсырудың, қараудың және бекітудің тәртібі туралы Нұсқаулықтың жобасын қарап, Қазақстан Республикасының Баға және Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті қаулы етеді:

1. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің - табиғи монополистердің өнімдеріне бағалар мен тарифтердің жобаларын тапсырудың, қараудың және бекітудің тәртібі туралы Нұсқаулық бекітілсін. (қоса беріліп отыр).
2. Баға саясаты жөніндегі бас басқарманың бастығы Попандопуло Е.Н.

мен заң бөлімінің бастығы Нұрабаева Ә.Қ. Нұсқалықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне тіркеттірсін.

3. Ұйымдық-кадр басқармасының бастығы Салтыбаева Ә.С. Нұсқалықты баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі аумақтық комитеттерге және мүдделі министрліктер мен ведомстволарға жеткізсін.

Комитет төрағасы

Қазақстан Республикасы Баға және  
монополияға қарсы саясат жөніндегі  
мемлекеттік комитетінің  
1996 жылғы 7 маусымдағы  
4/75 қаулысымен  
Бекітілген

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің-табиғи  
монополистердің өнімдеріне бағалар мен

тарифтердің жобаларын тапсырудың, қараудың  
және бекітудің тәртібі туралы  
НҰСҚАЛЫҚ

I. Жалпы ережелер

1.1. Осы Нұсқалық шаруашылық жүргізуші субъектілердің-табиғи монополистердің өнімдері мен қызметіне бағалар мен тарифтердің жобаларын тапсырудың, қараудың және бекітудің бірыңғай тәртібін, сондай-ақ бағалар мен тарифтердің жобаларына арналған барлық техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеудің сапалық деңгейін көтеруді белгілейді.

1.2. Нұсқалықта бекітілген тәртіп шаруашылық жүргізуші субъектілердің-табиғи монополистердің өнімдері мен қызметіне қолданылады, олардың бағаларын қолданымдағы заңдарға сәйкес мемлекеттік реттеу көзделген , сөйтіп олар Қазақстан Республикасындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің Мемлекеттік тізіліміне енгізілген.

II. Бағалар мен тарифтерді тапсырудың, қараудың  
және бекітудің тәртібі мен мерзімі

2.1. Бағалар мен тарифтердің жобалары өнімдер мен қызметті өндірудің және сатудың жағдайлары өзгерген жағдайда, сондай-ақ шектеулі қолдану мерзімі қойылып, бұрын белгіленген бағалар мен тарифтердің мерзімі өтсе қолданылып жүрген бағалар мен тарифтердің қайта қаралуына байланысты әзірленеді.

Бағалар мен тарифтер қажетті нормативтік, есеп айырысу және басқа материалдар болған жағдайда оларды негіздеу бойынша белгіленеді.

2.2. Бағалар мен тарифтердің жобаларын:

- министрліктер мен ведомстволар, шаруашылық жүргізуші субъектілер Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті бағалары мен тарифтерін белгілейтін өнімдер мен қызметтің номенклатурасы бойынша;

- шаруашылық жүргізуші субъектілер баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі аумақтық комитеттер бағалары мен тарифтерін белгілейтін өнімдер мен қызметтің номенклатурасы бойынша тапсырады.

2.3. Бағалардың (қаулылардың) жобалары Қазақстан Республикасы Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің (аумақтық

комитеттерінің) алқасында қаралып, олар Комитеттің қаулысымен бекітіледі.

2.4. Бағалар мен тарифтердің жобалары тоқсан басталардан немесе бұрын белгіленген бағаның қолданылу мерзімі өтуден бір ай бұрын баға бекітуге уәкілді органдарға табыс етіледі.

2.5. Баға белгілеуге уәкілді органдар бағалар мен тарифтерді бекіту үшін қажетті барлық материалдар алынған уақыттан бастап 20 күн ішінде, бірақ баға енгізуден 10 күн бұрын тапсырылған жобаларды қарап, тиісті шешім қабылдайды. Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі органдар шешім қабылдау кезінде барлық мүдделі тараптар берген ақпаратты қарауға міндетті.

Баға белгілеуге уәкілді органдар бағалар мен тарифтерді негіздеу жөніндегі материалдарды толық көлемінде бермеген немесе экономикалық есеп-қисап негізделмеген жағдайларға тиісті баға жобалары алынған уақыттан бастап 6 күн ішінде қажетті материалдарды жіберу туралы сұрау салады, сондай-ақ ұсынылған жобалар пысықтауға қайтарылады. Министрліктер мен ведомстволар, шаруашылық жүргізуші субъектілер барлық қажетті қосымша материалдарды бір апталық мерзім ішінде тапсыруға міндетті.

Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі органдар қажетті материалдарды көрсетілген мерзімде алысымен бір апталық мерзім ішінде бағалар мен тарифтерді бекіту туралы шешімдер қабылдайды.

2.6. Баға республикалық және аймақтық деңгейлерде бір мезгілде бекітілген жағдайда ұсыныстарды қараудың мынадай мерзімі белгіленеді:

Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті үшін - 7 күн;

республикалық деңгейде баға белгіленген соң 5 күн ішінде бағалардың жобасын шаруашылық жүргізуші субъектілер баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі аумақтық комитетке тапсырады;

баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі аумақтық комитеттер үшін - 8 күн.

2.7. Бағалар мен тарифтерді бекітуге уәкілетті органдар олардың деңгейіне өзгертулер енгізген жағдайда бағалар мен тарифтердің жобаларын ұсынған министрліктердің, ведомстволардың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қатысуымен пікір алшақтықтары қаралады сөйтіп бағаны белгілеуге уәкілді органдар түпкілікті шешім қабылдайды.

2.8. Бағаны бекітуге уәкілді органдар қабылданған шешім туралы бағалардың жобаларын ұсынған министрліктер (ведомстволар) мен шаруашылық жүргізуші субъектілерге жедел хабарлайды. Министрліктер мен ведомстволар, шаруашылық жүргізуші өнімдерге (қызметке) негізгі тапсырыс берушілер мен мүдделі министрліктерді (ведомстволарды) бекітілген бағалар туралы ақпаратпен қамтамасыз етеді. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау мақсатында

шаруашылық жүргізуші субъектілер бағалар мен тарифтердің өзгеруі туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тұтынушыларға алдын ала хабарлап отыруға міндетті. Бағалар мен тарифтердің өзгеруі туралы дер кезінде хабарлаудың тәртібін бұзған шаруашылық жүргізуші субъектілерге-табиғи монополистерге белгіленген тәртіппен экономикалық санкциялар қолданылады.

### III. Баға белгілеуге уәкілетті органдарға тапсырылатын материалдар

3.1. Бағалардың (тарифтердің) жобалары прејскуранттардың жобалары немесе баға белгілеуге уәкілетті органдардың қаулыларының жобалары түрінде тапсырылады.

3.2. Жаңа бағалардың (қаулылардың) жобаларымен қоса:

- бағаларды қайта қарау қажеттігінің себептері, жобаланып отырған баға деңгейінің негіздемесі көрсетілген түсінік қолхат;
- калькуляция материалдары (N 1 нысан мен оған қосымшалар);
- өнім өндіруге жұмсалатын шығыс сметасы (N 2 нысан);
- баға өзгерісінің өнім (қызмет) көлемі мен пайдаға ықпалының есеп-қисабы (N 3 нысан);
- кәсіпорынның алдағы кезеңге арналған балансы (АКУД бойынша N 1 нысан);
- пайданың жұмсалуды туралы есебі;
- өткен кезеңдегі (тоқсандағы) қаржылық қызметтің қорытындылары және

есеп беретін тоқсанда күтілетіндері (Окуд бойынша N 2 нысан, 1-н статистикалық нысан) тапсырылады.

3.3. Өз өнімдерін (қызметін) еркін баға (тариф) бойынша сататын шаруашылық жүргізуші субъектілер - табиғи монополистер аталған баға өзгерген жағдайда баға реттеуші органдарға жаңа бағалардың (тарифтердің) деңгейі туралы хабарламамен қоса:

- бағаны қайта қараудың себептері мен олардың негіздемесі көрсетілген түсінік хат;
- пайданың жұмсалынуы туралы есеп тапсырады.

3.4. Тапсырылатын материалдардағы мәліметтер статистикалық және бухгалтерлік есептеменің тиісті нысандарының көрсеткіштері негізінде толтырылады.

### IV. Бағаны бекітуге уәкілді органдардың бағалар мен

## тарифтердің жобаларын қарау тәртібі

4.1. Бағалардың жобаларын қараған кезде өнім (жұмыс, қызмет) өндіру мен сату бойынша өнімнің (жұмыстың, қызметтің) өзіндік құнына қосылатын шығындардың құрамы туралы және кәсіпорынның қаржылық нәтижелерін қалыптастырудың тәртібі туралы Ережені (шығындардың құрамы туралы белгіленген тәртіппен белгіленген салалық ережені), сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъектілер - табиғи монополистер өндіретін және сататын өнімнің (жұмыстың, қызметтің) бағалар мен тарифтерді қалыптастырудың Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті бекіткен Айрықша тәртібін басшылыққа алу қажет.

Бұл орайда:

шикізат пен материалдар шығын, амортизациялық қаражат, іс-сапар шығыны нормаларының және басқаларының белгіленген тәртіппен бекітілген қолданымдағы нормаларға сәйкестігін тексеру;

шикізат пен материалдардың негізгі түрлерінің, отынның электр энергиясының және көлік шығындары құнының өзіндік құнның өзгеруіне ықпалын белгілеу;

еңбекақы төлеу шығындарының есеп-қисап, басқару аппараты қызметкерлерінің лауазымдық айлық ақыларының мөлшерін тексеру, олар "Қазақстан Республикасы экономикасының салаларындағы қызметкерлерге еңбекақы төлеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 9 қаңтардағы N 31 қаулысымен бекітілген Бірыңғай тариф кестесі ескеріліп анықталады, еңбекақы төлеуге арналған жобалық шығындарды алдыңғы (немесе есеп беріп отырған) жылғы кезеңдегі нақты шығындармен, сондай-ақ орташа салалық жалақымен салыстыру;

өндіріс көлемі мен өнімнің (жұмыстың, қызметтің) өзіндік құнының өсу қарқынын салыстыру, өзіндік құнды төмендетуге мүмкіндік бар-жоғын айқындау қажет.

4.2. Пайда деңгейін анықтау кезінде заңдарда көзделген салықтар мен төлемдерді төлеуге арналған және саланы (шаруашылық жүргізуші субъектіні) дамыту үшін қажетті қаражат ескерілуі тиіс. Бұл орайда іс жүзіндегі пайданың бұрын бағалар мен тарифтер белгіленген кезде қабылданған есеп жүзіндегі пайдадан ауытқуының себептеріне, сондай-ақ оның бағыттар бойынша пайдалануына назар аударған жөн.

Ү. Осы Нұсқаулықта көзделген тәртіптің  
сақталмағаны үшін жауапкершілік

5.1. Бағаны осы Нұсқаулықта көзделген мерзімінен бекіту үшін қажетті материалдар тапсырылған жағдайда, баға белгілеуші орган алдағы кезеңге арналған бағалар мен тарифтерді өзгерту туралы ұсыныстарды қарамауға құқылы.

5.2. Белгіленген баға қолданылып жүрген уақытта оны белгіленген орган баға деңгейін анықтау кезінде берілген мәліметтерді бағалауды, бұл іс "Шаруашылық жүргізуші субъектілердің - табиғи монополистердің іс жүзіндегі шығындарын реттеу мен бақылаудың тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1996 жылғы 27 ақпандағы N 2/53 бекітілген Ережеге сәйкес жүргізіледі.

Бағалар мен тарифтерді негіздеу мақсатында тапсырылған жедел

мәліметтердің іс жүзіндегі деректерден айтарлықтай ауытқығаны айқындалған жағдайда баға бекітуге уәкілді орган аталған бағаларды көтеру туралы өз шешімін жою немесе қолданылып жүрген бағаның деңгейін төмендету құқығына ие.

5.3. Министрліктер мен ведомстволар, шаруашылық жүргізуші субъектілер көпе-көрінеу дұрыс емес немесе жалған мәліметтер берген жағдайда лауазымды адамдар қолданымдағы заңдарға сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

1-нысан

---

(министрлік, ведомство)

---

өнім дайындаушы бірлестік (кәсіпорын), қала, телефон N

КАЛЬКУЛЯЦИЯ

---

өнімнің (қызметтің) атауы

Қолдану бағасы, теңге \_\_\_\_\_

Бекітілу уақыты 199\_\_ " " \_\_\_\_\_

Калькуляция өлшемі \_\_\_\_\_

(теңгемен және тиынмен)

---

Шығындар мен басқа көрсеткіштер атауы	Алдыңғы (тоқсанда)  іс жүзінде	Есеп беріп  отырған  тоқсандағы  жедел	Бағаны  есептеу үшін  жобаланатын  деректер  деректер
--	--------------------------------------	---	---

---

1		2		3		4
---	--	---	--	---	--	---

---

1. Шикізат пен материалдар
2. Сатып алынатын бұйымдар мен жартылай фабрикалар
3. Қосалқы материалдар
4. Технологиялық мақсаттарға арналған отын
5. Технологиялық мақсаттарға арналған энергия
6. Өндірістегі жұмысшылардың негізгі жалақысы, соның ішінде қосымша ақылар (ақшалай сыйлықтар)
7. Өндірістегі жұмысшылардың қосымша жалақысы
8. Әлеуметтік сақтандыруға арналған төлемдер
9. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорына төлемдер
10. Өндірісті әзірлеу мен игеруге жұмсалатын шығындар
11. Жалпы өндірістік шығындар
12. Жалпы шаруашылық шығындары
13. Жол қорына төлемдер
14. Басқа шығындар
15. Өнімнің өзіндік құнының жиынтығы
16. Пайда
17. Кәсіпорынның бағасы

Анықтама ретінде:

- өзіндік құнға шаққанда рентабельділік процент есебімен;
- заттай есептегенде өнім (қызмет) шығару;
- белгілі бір өнімнің (қызметтің) кәсіпорынның жалпы көлеміндегі үлес салмағы.

Жоспарлау бөлімінің бастығы  
Бас бухгалтер  
Директор

1-нысанға N 1 қосымша

Өзіндік құнды калькуляцияға жұмсалатын  
материалдық шығынның  
кестесі

\_\_\_\_\_ бағасын (тарифін)  
есептеу үшін

(теңгемен және тиынмен)

Материалдардың аттары	Өлшем бірлігі	Бағаны есептеу кезінде норма бойынша бір өлшемге жұмсалатын шығын		
		_____	шығын сомасы	бағасы   сомасы

1	2	3	4	5
---	---	---	---	---

Шикізат пен материалдар

Сатып алынатын бұйымдар  
мен жартылай фабрикаттар

Қосалқы материалдар

Отын

Энергия

Жоспарлау бөлімінің бастығы



Бас бухгалтер

1-нысанға N 2 қосымша

"Өндірістегі жұмысшылардың негізгі жалақысы"  
бабы бойынша шығындардың өзіндік құнын  
калькуляциялаудың кестесі

бағасы

тарифін есептеу үшін

(теңгемен және тиынмен)

Жұмыс түрлері | Бағаны есептеу кезінде ескеріледі

| норма бойынша | норма-сағат | жалақы  
| еңбек сыйымдылығы | құны | сомасы

1 | 2 | 3 | 4

Келісімді жұмыс

Қосымша ақы

(ақшалай сыйлық проценті  
сомасы)

Үстемеақыны қосқандағы  
жиынтығы

Уақытша жұмыс

Ақшалай сыйлық  
проценті  
сомасы

Жиынтығы

Барлығы

Аудандық, салалық және  
т.с. коэффициенттер  
бойынша төлемдер

Еңбек және жалақы бөлімінің бастығы

1-нысанға N 3 қосымша

Жалпы өндірістік және жалпызауыттық шығындардың  
кестесі

(теңгемен)

---

Шығын баптары | Кәсіпорын бойынша тұтас алғанда

| Алдыңғы кезеңде | Есеп беріліп | Бағаны есептеу  
(іс жүзінде | отырған | үшін жобаланатын  
жұмсалғаны) | тоқсандағы | мәліметтер

---

1 | 2 | 3 | 4

---

Жалпы өндірістік  
шығындар  
Жалпы шаруашылық  
шығындар

Жоспарлау бөлімінің бастығы

Бас бухгалтер

2-нысан

---

(министрлік, ведомство)

---

(кәсіпорын, ұйым)

Өндіріске арналған шығыс сметасы

(мың теңге)

---

Шығыс баптары

<\*>

мен | Кәсіпорын бойынша тұтас алғанда

басқа көрсеткіштердің |

атауы

| Алдыңғы кезеңде | Есеп беріліп | Бағаны есептеу  
(тоқсанда) іс | тоқсандағы | үшін

|жүзінде |жедел |жобаланатын  
|жұмсалғаны |мәліметтер |мәліметтер

---

1 | 2 | 3 | 4

---

<\*>

. Ескерту. Баптардың атауы салалық ерекшеліктер ескеріліп көрсетіледі.

1. Шикізат пен материалдар
2. Отын
3. Энергия
4. Жалақы
5. Әлеуметтік сақтандыруға арналған төлемдер
6. Негізгі қорларды амортизациялау
7. Басқа шығындар

<\*\*\*>

<\*\*\*>

. Ескерту. Осы бапқа кіргізілген шығындардың толық кестесі жасалады.

### Өндіріс шығындарының жиынтығы

Анықтама түрінде:

- тауарлық өнім қолданымдағы бағамен
- пайда
- Еңбек ақы қоры соның ішінде өндірістегі жұмысшыларға

- арналғаны
- Жалпы саны, адам  
соның ішінде  
өндірістегі жұмысшылардың  
саны
- Негізгі өндіріс  
қорларының құны
- Рентабельділік
- Өзіндік қорға шаққанда  
өндіріс қорларының құнына  
шаққанда процент есебімен

Жоспарлау бөлімінің бастығы  
Бас бухгалтер

3-нысан

Бағалар мен тарифтер өзгерген жағдайда  
негізгі экономикалық көрсеткіштер

---

Кәсіпорынның атауы	Өндіріс қорларының құны мың теңге	199_ жылғы тоқсандағы	Рентабельділік тауар өнімдерінің процент есебімен
	көлемі		
		Өзіндік өндіріс	
	өзіндік кәсіпорынның құнға	қорларға	
	құн бағасымен	шаққанда	шаққанда
	бойынша		
	өзгергенге	өзгергеннен	
	дейін	кейін	

---

Ескерту. Мәліметтер, соның ішінде баға қайта қаралатын өнімдер (қызмет) бойынша, кәсіпорын (бірлестік) бойынша тұтастай көрсетіледі.

Жоспарлау бөлімінің бастығы

